

Железин ауданы Қазақстан ауылдық округінің Есқара ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин ауданы Қазақстан ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 13 сәуірде № 7243 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин ауданы Қазақстан ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 қыркүйектегі № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин ауданы Қазақстан ауылдық округі әкімінің 08.09.2021 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Железин ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 5 наурыздағы № 1-13/130 ұсынысы негізінде, Қазақстан ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Железин ауданы Қазақстан ауылдық округі Есқара ауылының аумағында жануарлардың құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан ауылдық округінің әкімі

Ж. Сатканов